Профессор Руззуддиновтың стоматологиялық колледжі

Тақырыбы: Қант

диабеті

Топ: 411 мейірбике ісі

Орындаған: Оразбай А.

А.

Тексерген: Габбасовна

А.

Алматы 2016 ж



***Диабет*** – бұл қанда қант мөлшерінің көбейіп кетуінен,дұрыс тамақтанбаудан пайда болатын дерт. Бұл аурумен жас та,кемел жастағылар да,кәрі де ауырады. Әсіресе,жасөспірім кездегі диабет ауруы өте қиын,мұндай жаста инсулин қолдану ұсынылады.Әйтсе де бұл ауру 40-тан асқан,тамақты шектен тыс ішіп,толыса бастаған адамдарға тән болып келеді.




***Қант диабеті*** – май,ақуыздың зат алмасуының созылмалы бұзылуы,яғни қанда көп мөлшерде қант түйіршегінің бөлінуі болып табылады. Диабет инсулиннің асқазан асты безінен жеткілікті мөлшерде бөлінбеуі салдарынан басталады. Инсулинсіз ағза қант түйіршегін өңдей алмайды. Соның салдарынан қанның құрамында қант мөлшері артады.

# Этиологиясы:

-Тұқым қуалаушылық 65%
-вирустық инфекциялардан кейін
(қызылша,желшешек,тұмау,мысқыл т.б.)
-Қант пен майды көп пайдалану
-стресстік ситуациялар
-эндокринді аурулар
-белок жетіспеушілігі
-физикалық және психикалық травмалар
-бауыр,асқазан асты безінің аурулары
-аз қимылдау

# Қант диабеті:

1.**Инсулинге байланысты:**
ауру жедел басталады,кетоацидоз белгісі және диабеттік кома дамиды

2.**Инсулинге байланыссыз:**
ауру біртіндеп басталады және байқаусызда анықталады, әсіресе 40 жастан кейін.Науқастар диета сақтаумен,дәрі ішумен,инсулин салумен жазылады.

# Ауырлығы бойынша:

-***Жеңіл қант диабеті***-қандағы қант мөлшері,дәрісіз,диета ұстаумен және физикалық күшті шектегеннен қалпына келеді.Сырқат жұмыс істей алады.

-***Орташа қант диабеті***-диета,физ. Күшті шектеумен қатар қант мөлшерін түсіретін дәрілер қолданады,кейде инсулин салады. Сырқат жұмыс істей алады.

-***Ауыр қант диабеті***-сырқат инсулинсіз жүре алмайды,жұмыс істей алмайды,ауыр асқынулар болып тұрады.



**Қант диабетінің негізгі симптомдары:**

-үнемі сусап тұру (полидипсия)
-кіші дәреттің жиілеп,көп болуы (полиурия)
-үнемі шаршаулы сезіну
-қол-аяқтың ұйып,жансыздануы
-үнемі қарын аштығынан арылмау
-салмақ азаюы

## Қант диабетінің екінші деңгейлі симптомдары:




1.Терінің қышуы
2.Көздің көру қабілетінің айырылуы (тұман көлегейлегендей)
3.Жыныс қынабының жиі инфекциямен ауыруы
4.Аяққа жазылмайтын созылмалы жара шығуы
5.Естен тану

## Диабетпен ауыратындардың диетасы:

Диабетпен ауыратын толық адамдар алдымен артық салмақтан арылуы керек.Диабетшілер қант,көптеген тәтті тағамдарды ішпеулері қажет. Олардың ірі ұнтақты ұннан пісірілген нан,сондай-ақ крахмал қоспалы асбұршақ күріш,картоп және басқа да құрамында ақуыз бар тағамдармен тамақтанғаны жөн болады.Диабет ауруымен зардап шегетін ересек адамдардың алмұрт тектес тікенекті кактустың(нопал,




Жүкті әйелдегі қант диабеті
Ана қанын-
дағы глюко-
за мөлшері
жоғары
Көп мөлшердегі
глюкоза сәбиге
жетеді
Ұрықтың
массасы артады

# ҚАНТ ДИАБЕТІНІҢ БАЛАЛАРДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІГІ:

- Ауру қатты екпінді басталады.
- Балаларда аурудың жеңіл түрі кездеспейді.
- Асқынуға бейімді.
- Асқынуы:
- Бұл қауіпті асқынулар- гипергликемиялық және гипогликемиялық комалар. Бұл комалар жедел жәрдемді қажет етеді.

DATALIFE ENGINE



## Эпидемиологиясы:

Әлем бойынша 2010 жылғы жағдайға сәйкес шамамен 285 миллион адам қант диабетіне шалдыққан деп бағаланады.Ал 2011 жылы 366 миллион адам тіркелген.Салыстыратын болсақ,1985 жылы 30 миллион адам осы аурумен ауырған.15 жылдан соң бұл сан 150 миллионнан асты.Ал қазіргі кезде қант диабетіне шалдыққан адамдардың саны әр 12-15 жыл сайын екі есе көбеюде.





**Склероздық процесстер:**

1.Ұмытшақ,тез шаршағыш
2.Көз көрудің нашарлауы

-Бүйректе созылмалы бүйрек жетіспеушілігі
-Жүректе жүрек дыбысы нашар естіледі, шекарасы ұлғаяды,шу пайда болады
-Теріде екі бетінің қызаруы болады
-Зат алмасуы бұзылуынан терінің іріңді аурулары,өкпе қабынуы,жұқпалы аурулар жиі кездеседі-

## Клиникалық айқындалуы 3 негізгі клиникалық симптоммен сипатталады:

1.Полидипсия – шөлдеу
2.Полиурия – кіші дәретке жиі отыру
3.Полифагия – кенеттен тәбеттің ашылуы



## Патогенезі және клиникалық көріністері:

Инсулин көптеген зат алмасу үрдістеріне әсер етеді. Сондықтан оның жеткіліксіздігінде барлық зат алмасулар бұзылады.Ең алдымен көмірсулардыңалмасуы бүлінеді.Гипергликемия дамиды.

Инсулин жеткіліксіздігінің алғашқы көрінісі болып, организмнің глюкозаға шыдамдылығы төмендеуі есептеледі.

Диабет кезінде нәруыздардың түзілуі баяулайды. Осыдан бұлшық еттерде атрофия дамиды.

Тұздар мен судың алмасуы бұзылады.Бұл кезде калий иондарының алмасуы қатты бұзылады,оның жасуша ішінде тасымалдануы баяулайды.



Инсулин дозасы дәл болу үшін арнайы инсулин шприцтері қолданылады. Инсулин тері астына салынады,инсулин салатын жерлерді алмастырып отыру қажет.

## Гипергликемиялық кома

**Себептері:** 1.Инсулин дозасының кем болуы;

2.Майлы және тәтті тамақты мөлшерден көп жеу.

Осы себептердің әсерінен зат алмасуының барлық түрі бұзылады, организмде шала тотыққан улы заттар жиналып уланады.

## Гипогликемиялық кома

**Себептері:** Гемипарез,гемиплегия,МИ,ми қан айналымының бұзылуы, инсульт,энцефалопатия,эпилепсия,паркинсонизм.

# Емі:

-Диета №9
-Физикалық күшті бақылау
-Қант мөлшерін төмендететін дәрілер
-Артық салмақтан арылу
-Зиянды әдеттерден аулақ болу
-Ауруларды емдеу
-Салауатты өмір салтын ұстану
-Диспансерлік бақылауда болу

# Қорытынды:

Қант диабетінің 2-ші типімен науқастарда ЖИА әйелдер ерлерге қарағанда екі есе жиі кездесіп,60 жастан жоғары топ басым болады.

Қайталамалы МИ 58,1% жағдайда кездесіп, трансмуральды МИ жағдайымен ұштасып,МИ асқынуына әкелген.

# Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

Строев Ю.И. Жәнe т.б.:Қантты диабет
Шаңырақ:Үй-тұрмыстық энциклопедиясы Алматы 1990
Вернер,Дэвид.Халыққа маедициналық жәрдем көрсету жөніндегі анықтамалық.

***Назар аударғандарыңызға рахмет!***